

"Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының 2020 жылғы 9 қазандағы № 1-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 22 тамыздағы № 230/НҚ бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының 2020 жылғы 9 қазандағы № 1-НҚ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 428 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі туралы Ережесінің 19-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;

11) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес;

12) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес;

13) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес;

14) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті туралы ережі осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес;

15) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес;

16) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес;

17) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

18) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

19) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

20) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 18, 19 және 20-қосымшалармен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бекітілген Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті туралы ережеде:

8-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"8. Департаменттің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, индекс 040000, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 78 үй."

2. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің аумақтық бөлімшелері осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігінің төрағасы*

М. Омаров

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі төрағасының
2022 жылғы 22 тамыздағы
№ 230/НҚ бұйрығына
1 қосымша
Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту Агенттігі төрағасының
2020 жылғы "09" қазандағы
№ 1-НҚ бұйрығына
18 қосымша

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) өз құзыреті шегінде тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты, сондай-ақ тауар биржалары саласындағы қызметті мемлекеттік бақылау мен лицензиялауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі

мен мөртаңбалары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департаменттің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен жалпы штат саны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, индекс 070000, Абай облысы, Семей қаласы, Достоевский көшесі, 110-үй.

9. Департаменттің толық атауы: "Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында Департаменттің кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер заңнамалық актілерде Департаментке кіріс әкелетін қызмет жүзеге асыруға құқық берілсе, онда сондай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджет кірісіне жолданады.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

1) нарық субъектілерінің экономикалық тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2) адал бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу;

3) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және тергеп-тексеру, жолын кесу;

4) бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) құқықтары:

Агенттікке тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру жөніндегі процестік әрекеттер мен іс-шараларға қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарынан және жеке тұлғалардан Агенттікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;

сотқа жүгіну;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзатын өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

прокуратура органдарына Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасына қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді жіберу;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардан өтініштерді қабылдау және қарау;

өзінің интернет-ресурсында:

мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратты қоспағанда, тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдауды;

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру нәтижелері туралы ақпаратты, Агенттіктің шешімдерін орналастыру;

мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын тұлғаларды құруға өтініштерді қарау.

15. Функциялары:

1) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

- 2) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 3) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 4) мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген, бәсекелестікті шектеуге және (немесе) жоюға бағытталған ұйымдардың актілерінің, әрекеттерінің (әрекетсіздіктерінің) жолын кесу;
- 5) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында көзделген бұзушылықтарды қоспағанда, тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың алдын алу және оны жою;
- 6) бәсекелестікке қарсы келісімдерді және нарық субъектілерінің келісілген іс-әрекеттерін, жосықсыз бәсекелестікті болдырмау және жолын кесу;
- 7) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларын қолдану туралы ақпаратты тарату және адал бәсекелестікті насихаттау;
- 8) тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау;
- 9) тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері қызметін талдау және мониторингтеу;
- 10) үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген монополиялық жоғары (төмен), монополициялық төмен бағаны анықтау;
- 11) нарық субъектілерінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу фактілері бойынша Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген тәртіппен тергеп-тексерулер жүргізу;
- 12) банктік құпияны, сақтандыру құпиясын және бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, оның ішінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органнан, мемлекеттік кірістер органдарынан, нарық субъектілерінен, сондай-ақ лауазымды адамдардан және өзге де жеке және заңды тұлғалардан осы Кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты сұрату және алу;
- 13) нарық субъектілеріне:
 - осы Кодекстің нормаларын бұзушылықтарды тоқтату және (немесе) олардың салдарларын жою;
 - бастапқы жағдайды қалпына келтіру;
 - осы Кодекске қайшы келетін шарттарды бұзу немесе өзгерту;
 - экономикалық шоғырлануды реттеу кезінде мәмілелерді бұзу немесе оларды жарамсыз деп тану арқылы олардың күшін жою қажеттілігі;

егер белгілі бір сатушылармен (өнім берушілермен) не сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз бас тарту немесе жалтару бұзушылық болып табылған жағдайда, өзге нарық субъектісімен шарт жасасу туралы орындалуға міндетті нұсқамалар шығару ;

14) мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдарға өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту, бұзушылықтарды жою, сондай-ақ өздері жасасқан Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне қайшы келетін келісімдер мен мәмілелерді бұзу, күшін жою немесе өзгерту және бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау туралы орындалуға міндетті нұсқамалар енгізу;

15) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтар туралы істерді қарау бойынша сотқа қатысу;

16) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу үшін материалдарды құқық қорғау органдарына жіберу;

17) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету, оның ішінде өз қызметі туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу туралы жүгіну;

19) нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның лауазымды адамына Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға әкеп соғуы мүмкін әрекетті (әрекетсіздікті) жасауға жол бермеу туралы жазбаша нысанда алдын ала ескерту жіберу;

20) нарық субъектілеріне, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдарға нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілерінің болуы туралы хабарлама жіберу;

21) монополияға қарсы орган қабылдаған бәсекелестікті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру;

22) нарық субъектісі (нарық субъектілері) жіберетін монополияға қарсы комплаенстің сыртқы актісінің Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына сәйкестігін белгілеу;

23) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне қайшы келетін шарттарды бұзу, өзгерту және (немесе) мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сотқа талап-арыз беру;

24) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілерін анықтау мақсатында тауар нарықтарындағы бағалар мониторингі;

25) тауарларды сатып алу мен сауда-саттық мониторингі;

26) өз құзыреті шегінде құқық қорғау органдарының сұрау салулары бойынша сараптамалар жүргізу және Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасы мәселелері бойынша қорытындылар беру;

27) құқық қорғау органдарының сұрау салуы бойынша тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі туралы талдамалық ақпарат беру;

28) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген жағдайларда нарық субъектісін мәжбүрлеп бөлу немесе оның құрамынан құрылымдық бөлімшелері базасында бір немесе бірнеше заңды тұлғаларды бөліп шығару туралы талап-арызбен сотқа жүгіну;

29) мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес тұлғаларды құруға келісім беру;

30) мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерін кеңейтуге және (немесе) өзгертуге келісім беру;

31) тауар биржаларының қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

32) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

33) тауар биржаларының қызметіне талдау және мониторинг жүргізу;

34) коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тауар биржалары мен биржалық сауда қызметінің мәселелері бойынша ақпаратты жариялау;

35) биржалық сауданы дамыту және жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

36) тауар биржаларының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

37) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жоспардан тыс тексеру, Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асыру;

38) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау және қарау, сондай-ақ тауар биржалары саласында әкімшілік жазалар қолдану;

39) мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың қызметіне жүзеге асырылатын қызмет түрлерін құру, кеңейту және (немесе) өзгерту кезінде монополияға қарсы органның келісімін алу, сондай-ақ монополияға қарсы органның келісімі алынған сол қызмет түрлерін ғана жүзеге асыру тұрғысынан мониторингті жүзеге асыру;

40) мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша бастамашылық жасалған экономиканы қолдау, іскерлік белсенділікті және халықты жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін дағдарысқа қарсы іс-шаралар кешенін іске асыру жөніндегі қызметін қоспағанда, мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін тұлғалардың Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 194-бабында көзделген талаптардың сақталуы тұрғысынан қызметіне мониторингті жүзеге асыру;

41) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3-тарау. Департамент басшысының оның қызметін ұйымдастыру кезіндегі мәртебесі мен өкілеттіктері

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысын Агенттік төрағасымен келісу бойынша Агенттіктің аппарат басшысы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Департамент басшысының орынбасары болады, оны Агенттік төрағасымен келісу бойынша Агенттіктің аппарат басшысы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

19. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етуді жүзеге асырады;

2) өз орынбасарының және Департаменттің басқа қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды;

3) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады және Департамент қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті нұсқаулар береді;

4) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

5) Департамент басшысының орынбасарын қоспағанда, Департамент қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдарда Департамент атынан өкілдік етеді;

7) Департамент басшысының орынбасарын қоспағанда, Департамент қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады;

8) Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

9) өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Департамент басшысы болмаған болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Департамент басшысының Департамент жанынан консультативтік-кеңесші органдар құруға құқығы бар.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

21. Департамент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығымен оқшауланған мүлікке ие бола алады.

Департаменттің мүлкі мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда), Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Департамент, өзіне бекітіп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі төрағасының
2022 жылғы 22 тамыздағы
№ 230/НҚ бұйрығына
2 қосымша

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі төрағасының
2020 жылғы "09" қазандағы

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) өз құзыреті шегінде тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты, сондай-ақ тауар биржалары саласындағы қызметті мемлекеттік бақылау мен лицензиялауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департаменттің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен жалпы штат саны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, индекс 040000, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, 4-шағын аудан, 30/1-үй.

9. Департаменттің толық атауы: "Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында Департаменттің кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер заңнамалық актілерде Департаментке кіріс әкелетін қызмет жүзеге асыруға құқық берілсе, онда сондай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджет кірісіне жолданады.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

1) нарық субъектілерінің экономикалық тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2) адал бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу;

3) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және тергеп-тексеру, жолын кесу;

4) бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) құқықтары:

Агенттікке тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру жөніндегі процестік әрекеттер мен іс-шараларға қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарынан және жеке тұлғалардан Агенттікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;

сотқа жүгіну;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзатын өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

прокуратура органдарына Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасына қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді жіберу;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардан өтініштерді қабылдау және қарау;

өзінің интернет-ресурсында:

мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратты қоспағанда, тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдауды;

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру нәтижелері туралы ақпаратты, Агенттіктің шешімдерін орналастыру;

мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын тұлғаларды құруға өтініштерді қарау.

15. Функциялары:

1) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

4) мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген, бәсекелестікті шектеуге және (немесе) жоюға бағытталған ұйымдардың актілерінің, әрекеттерінің (әрекетсіздіктерінің) жолын кесу;

5) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында көзделген бұзушылықтарды қоспағанда, тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың алдын алу және оны жою;

6) бәсекелестікке қарсы келісімдерді және нарық субъектілерінің келісілген іс-әрекеттерін, жосықсыз бәсекелестікті болдырмау және жолын кесу;

7) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларын қолдану туралы ақпаратты тарату және адал бәсекелестікті насихаттау;

8) тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау;

9) тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері қызметін талдау және мониторингтеу;

10) үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген монополиялық жоғары (төмен), монополиялық төмен бағаны анықтау;

11) нарық субъектілерінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу фактілері бойынша Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген тәртіппен тергеп-тексерулер жүргізу;

12) банктік құпияны, сақтандыру құпиясын және бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, оның ішінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органнан, мемлекеттік кірістер органдарынан, нарық субъектілерінен, сондай-ақ лауазымды адамдардан және өзге де жеке және заңды тұлғалардан осы Кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты сұрату және алу;

13) нарық субъектілеріне:

осы Кодекстің нормаларын бұзушылықтарды тоқтату және (немесе) олардың салдарларын жою;

бастапқы жағдайды қалпына келтіру;

осы Кодекске қайшы келетін шарттарды бұзу немесе өзгерту;

экономикалық шоғырлануды реттеу кезінде мәмілелерді бұзу немесе оларды жарамсыз деп тану арқылы олардың күшін жою қажеттілігі;

егер белгілі бір сатушылармен (өнім берушілермен) не сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз бас тарту немесе жалтару бұзушылық болып табылған жағдайда, өзге нарық субъектісімен шарт жасасу туралы орындалуға міндетті нұсқамалар шығару ;

14) мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдарға өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту, бұзушылықтарды жою, сондай-ақ өздері жасасқан Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне қайшы келетін келісімдер мен мәмілелерді бұзу, күшін жою немесе өзгерту және бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау туралы орындалуға міндетті нұсқамалар енгізу;

15) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтар туралы істерді қарау бойынша сотқа қатысу;

16) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу үшін материалдарды құқық қорғау органдарына жіберу;

17) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету, оның ішінде өз қызметі туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу туралы жүгіну;

19) нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның лауазымды адамына Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға әкеп соғуы мүмкін әрекетті (әрекетсіздікті) жасауға жол бермеу туралы жазбаша нысанда алдын ала ескерту жіберу;

20) нарық субъектілеріне, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдарға нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілерінің болуы туралы хабарлама жіберу;

21) монополияға қарсы орган қабылдаған бәсекелестікті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру;

22) нарық субъектісі (нарық субъектілері) жіберетін монополияға қарсы комплаенстің сыртқы актісінің Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына сәйкестігін белгілеу;

23) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне қайшы келетін шарттарды бұзу, өзгерту және (немесе) мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сотқа талап-арыз беру;

24) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілерін анықтау мақсатында тауар нарықтарындағы бағалар мониторингі;

25) тауарларды сатып алу мен сауда-саттық мониторингі;

26) өз құзыреті шегінде құқық қорғау органдарының сұрау салулары бойынша сараптамалар жүргізу және Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасы мәселелері бойынша қорытындылар беру;

27) құқық қорғау органдарының сұрау салуы бойынша тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі туралы талдамалық ақпарат беру;

28) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген жағдайларда нарық субъектісін мәжбүрлеп бөлу немесе оның құрамынан құрылымдық бөлімшелері базасында бір немесе бірнеше заңды тұлғаларды бөліп шығару туралы талап-арызбен сотқа жүгіну;

29) мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес тұлғаларды құруға келісім беру;

30) мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерін кеңейтуге және (немесе) өзгертуге келісім беру;

31) тауар биржаларының қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

32) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

33) тауар биржаларының қызметіне талдау және мониторинг жүргізу;

34) коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тауар биржалары мен биржалық сауда қызметінің мәселелері бойынша ақпаратты жариялау;

35) биржалық сауданы дамыту және жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

36) тауар биржаларының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

37) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жоспардан тыс тексеру, Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асыру;

38) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау және қарау, сондай-ақ тауар биржалары саласында әкімшілік жазалар қолдану;

39) мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың қызметіне жүзеге асырылатын қызмет түрлерін құру, кеңейту және (немесе) өзгерту кезінде монополияға қарсы органның келісімін алу, сондай-ақ монополияға қарсы органның келісімі алынған сол қызмет түрлерін ғана жүзеге асыру тұрғысынан мониторингті жүзеге асыру;

40) мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша бастамашылық жасалған экономиканы қолдау, іскерлік белсенділікті және халықты жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін дағдарысқа қарсы іс-шаралар кешенін іске асыру жөніндегі қызметін қоспағанда, мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін тұлғалардың Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 194-бабында көзделген талаптардың сақталуы тұрғысынан қызметіне мониторингті жүзеге асыру;

41) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3-тарау. Департамент басшысының оның қызметін ұйымдастыру кезіндегі мәртебесі мен өкілеттіктері

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысын Агенттік төрағасымен келісу бойынша Агенттіктің аппарат басшысы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Департамент басшысының орынбасары болады, оны Агенттік төрағасымен келісу бойынша Агенттіктің аппарат басшысы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

19. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етуді жүзеге асырады;

2) өз орынбасарының және Департаменттің басқа қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды;

3) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады және Департамент қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті нұсқаулар береді;

4) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

5) Департамент басшысының орынбасарын қоспағанда, Департамент қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдарда Департамент атынан өкілдік етеді;

7) Департамент басшысының орынбасарын қоспағанда, Департамент қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады;

8) Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

9) өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Департамент басшысы болмаған болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Департамент басшысының Департамент жанынан консультативтік-кеңесші органдар құруға құқығы бар.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

21. Департамент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығымен оқшауланған мүлікке ие бола алады.

Департаменттің мүлкі мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда), Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Департамент, өзіне бекітіп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі төрағасының
2022 жылғы 22 тамыздағы
№ 230/НҚ бұйрығына
3 қосымша

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі төрағасының
2020 жылғы "09" қазандағы
№ 1-НҚ бұйрығына
20 қосымша

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) өз құзыреті шегінде тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты, сондай-ақ тауар биржалары саласындағы қызметті мемлекеттік бақылау мен лицензиялауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департаменттің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен жалпы штат саны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, индекс 100600, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер бульвары, 15-үй.

9. Департаменттің толық атауы: "Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында Департаменттің кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер заңнамалық актілерде Департаментке кіріс әкелетін қызмет жүзеге асыруға құқық берілсе, онда сондай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджет кірісіне жолданады.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

1) нарық субъектілерінің экономикалық тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2) адал бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу;

3) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және тергеп-тексеру, жолын кесу;

4) бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) құқықтары:

Агенттікке тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру жөніндегі процестік әрекеттер мен іс-шараларға қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарынан және жеке тұлғалардан Агенттікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;

сотқа жүгіну;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзатын өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

прокуратура органдарына Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасына қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді жіберу;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардан өтініштерді қабылдау және қарау;

өзінің интернет-ресурсында:

мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратты қоспағанда, тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдауды;

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру нәтижелері туралы ақпаратты, Агенттіктің шешімдерін орналастыру;

мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын тұлғаларды құруға өтініштерді қарау.

15. Функциялары:

- 1) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 3) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 4) мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген, бәсекелестікті шектеуге және (немесе) жоюға бағытталған ұйымдардың актілерінің, әрекеттерінің (әрекетсіздіктерінің) жолын кесу;
- 5) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында көзделген бұзушылықтарды қоспағанда, тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың алдын алу және оны жою;
- 6) бәсекелестікке қарсы келісімдерді және нарық субъектілерінің келісілген іс-әрекеттерін, жосықсыз бәсекелестікті болдырмау және жолын кесу;
- 7) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларын қолдану туралы ақпаратты тарату және адал бәсекелестікті насихаттау;
- 8) тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау;
- 9) тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері қызметін талдау және мониторингтеу;
- 10) үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген монополиялық жоғары (төмен), монополициялық төмен бағаны анықтау;
- 11) нарық субъектілерінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу фактілері бойынша Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген тәртіппен тергеп-тексерулер жүргізу;
- 12) банктік құпияны, сақтандыру құпиясын және бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, оның ішінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органнан, мемлекеттік кірістер органдарынан, нарық субъектілерінен, сондай-ақ лауазымды адамдардан және өзге де жеке және заңды тұлғалардан осы Кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты сұрату және алу;
- 13) нарық субъектілеріне:
 - осы Кодекстің нормаларын бұзушылықтарды тоқтату және (немесе) олардың салдарларын жою;
 - бастапқы жағдайды қалпына келтіру;
 - осы Кодекске қайшы келетін шарттарды бұзу немесе өзгерту;

экономикалық шоғырлануды реттеу кезінде мәмілелерді бұзу немесе оларды жарамсыз деп тану арқылы олардың күшін жою қажеттілігі;

егер белгілі бір сатушылармен (өнім берушілермен) не сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз бас тарту немесе жалтару бұзушылық болып табылған жағдайда, өзге нарық субъектісімен шарт жасасу туралы орындалуға міндетті нұсқамалар шығару ;

14) мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдарға өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту, бұзушылықтарды жою, сондай-ақ өздері жасасқан Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне қайшы келетін келісімдер мен мәмілелерді бұзу, күшін жою немесе өзгерту және бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау туралы орындалуға міндетті нұсқамалар енгізу;

15) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтар туралы істерді қарау бойынша сотқа қатысу;

16) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу үшін материалдарды құқық қорғау органдарына жіберу;

17) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету, оның ішінде өз қызметі туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу туралы жүгіну;

19) нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның лауазымды адамына Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға әкеп соғуы мүмкін әрекетті (әрекетсіздікті) жасауға жол бермеу туралы жазбаша нысанда алдын ала ескерту жіберу;

20) нарық субъектілеріне, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдарға нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілерінің болуы туралы хабарлама жіберу;

21) монополияға қарсы орган қабылдаған бәсекелестікті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру;

22) нарық субъектісі (нарық субъектілері) жіберетін монополияға қарсы комплаенстің сыртқы актісінің Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына сәйкестігін белгілеу;

23) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне қайшы келетін шарттарды бұзу, өзгерту және (немесе) мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сотқа талап-арыз беру;

24) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілерін анықтау мақсатында тауар нарықтарындағы бағалар мониторингі;

25) тауарларды сатып алу мен сауда-саттық мониторингі;

26) өз құзыреті шегінде құқық қорғау органдарының сұрау салулары бойынша сараптамалар жүргізу және Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасы мәселелері бойынша қорытындылар беру;

27) құқық қорғау органдарының сұрау салуы бойынша тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі туралы талдамалық ақпарат беру;

28) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген жағдайларда нарық субъектісін мәжбүрлеп бөлу немесе оның құрамынан құрылымдық бөлімшелері базасында бір немесе бірнеше заңды тұлғаларды бөліп шығару туралы талап-арызбен сотқа жүгіну;

29) мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес тұлғаларды құруға келісім беру;

30) мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерін кеңейтуге және (немесе) өзгертуге келісім беру;

31) тауар биржаларының қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

32) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

33) тауар биржаларының қызметіне талдау және мониторинг жүргізу;

34) коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тауар биржалары мен биржалық сауда қызметінің мәселелері бойынша ақпаратты жариялау;

35) биржалық сауданы дамыту және жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

36) тауар биржаларының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

37) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жоспардан тыс тексеру, Бақылау субъектісіне (

объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асыру;

38) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау және қарау, сондай-ақ тауар биржалары саласында әкімшілік жазалар қолдану;

39) мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың қызметіне жүзеге асырылатын қызмет түрлерін құру, кеңейту және (немесе) өзгерту кезінде монополияға қарсы органның келісімін алу, сондай-ақ монополияға қарсы органның келісімі алынған сол қызмет түрлерін ғана жүзеге асыру тұрғысынан мониторингті жүзеге асыру;

40) мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша бастамашылық жасалған экономиканы қолдау, іскерлік белсенділікті және халықты жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін дағдарысқа қарсы іс-шаралар кешенін іске асыру жөніндегі қызметін қоспағанда, мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін тұлғалардың Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 194-бабында көзделген талаптардың сақталуы тұрғысынан қызметіне мониторингті жүзеге асыру;

41) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3-тарау. Департамент басшысының оның қызметін ұйымдастыру кезіндегі мәртебесі мен өкілеттіктері

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысын Агенттік төрағасымен келісу бойынша Агенттіктің аппарат басшысы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Департамент басшысының орынбасары болады, оны Агенттік төрағасымен келісу бойынша Агенттіктің аппарат басшысы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

19. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етуді жүзеге асырады;

2) өз орынбасарының және Департаменттің басқа қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды;

3) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады және Департамент қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті нұсқаулар береді;

4) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

5) Департамент басшысының орынбасарын қоспағанда, Департамент қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдарда Департамент атынан өкілдік етеді;

7) Департамент басшысының орынбасарын қоспағанда, Департамент қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады;

8) Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

9) өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Департамент басшысы болмаған болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Департамент басшысының Департамент жанынан консультативтік-кеңесші органдар құруға құқығы бар.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

21. Департамент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығымен оқшауланған мүлікке ие бола алады.

Департаменттің мүлкі мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда), Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Департамент, өзіне бекітіп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.